

**СЕКЦИЯ 3. ФИЛОСОФИЯ, ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТОҒЫСЫНДАҒЫ**  
**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ**  
**СЕКЦИЯ 3. ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ НА ПЕРЕКРЁСТКЕ ФИЛОСОФИИ,**  
**РЕЛИГИИ И КУЛЬТУРЫ**  
**SECTION 3. ARTIFICIAL INTELLIGENCE AT THE CROSSROADS OF PHILOSOPHY,**  
**RELIGION AND CULTURE**

---

ӘОЖ 61:378-004

**ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР: ТАҢДАУ ЕРКІНДІГІНІҢ ПАРАДОКСТАРЫ**

Ахатова Айгуль Арыслановна  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, докторант,  
Астана, Қазақстан

Адамзат тарихында таңдау еркіндігі ұғымы әртүрлі әлеуметтік, саяси, философиялық және психологиялық контексттерде өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Әрбір тарихи дәуірдің әлеуметтік құрылымы мен билік ұсынған нормалары адамның таңдау еркіндігіне белгілі бір шектеулер қойып отырған. Соған қарамастан, таңдау еркіндігі категориясы адамның өзін-өзі анықтауына, жеке жауапкершілігін сезінуіне, дүниені тануына мүмкіндік беретін іргелі қабілет ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ол адам құқықтары мен бостандықтарының теориялық негізін құрайтын басты философиялық ұғымдардың бірі болып табылады. Еркіндік мәселесін философиялық тұрғыдан пайымдағанда, С. Кьеркегор еркіндікті адамның «таңдау алдындағы үрейі» және Құдай алдындағы жауапкершілігімен байланыстырса, Ж.-П. Сартр оны адамның жеке таңдауы мен сол таңдауы үшін жауапкершілігі ретінде түсіндіреді. Ал М. Хайдеггер еркіндікті болмыстың уақытша және тарихи өлшемдеріне тәуелді құбылыс деп пайымдады.

XX ғасырға дейін таңдау еркіндігі мәселесі дәстүрлі философиялық дискурстар аясында қарастырылып келді. Тарихи тұрғыдан алғанда, өткен дәуірлердегі әлеуметтік құрылымдар адамның өмір салты мен дүниетанымын айқындауда шешуші рөл атқарды. Ол кездегі адамдардың басым көпшілігі белгілі бір әлеуметтік орта мен нақты географиялық кеңістікке бекітілген, адамның өмірі бір мекенде өтті, ол көбіне бір ғана кәсіппен шұғылданды және қоғамдағы орны алдын ала анықталды. Дүниені түсіндірудің тұрақтылығы ғасырлар бойы сақталып, өзгерістердің қарқыны өте баяу жүрді. Сондықтан адамның таңдау еркіндігі шектеулі болды, оның өмірлік бағыты көбіне дәстүрлер мен қалыптасқан қоғамдық нормаларға тәуелді еді.

Осыған ұқсас жағдайды XX ғасырдағы Кеңес Одағы мысалынан да көруге болады. Кеңестік жүйе қатаң орталықтандырылған құрылым ретінде ерекшеленді. Елде бірнеше онжылдыққа созылған индустриализация процесі мемлекеттік жоспарлау негізінде жүзеге асырылып отырды. Адам өмірін алдын ала айқындап беретін бесжылдық жоспарлар жоспарлы экономиканың басты атрибуты болды: қайда білім алатыны, қайда тұрып, қандай салада еңбек ететіні нақты жоспарға сәйкес белгіленді. Тіпті балалық шақтан бастап адамның қашан октябрыт, пионер, комсомол немесе партия мүшесі болатыны алдын ала анықталған. Кеңестік жүйеде болашақ «жарқын коммунизм» ретінде көрсетілді. Жеке адамның мақсаты – білім алу, еңбек ету, қоғамға үлес қосу – барлығы осы ортақ идеологияның құрамына кірді.

Орта ғасыр адамының да, кеңестік дәуір адамының да дүниетанымдық тұрақтылығын қамтамасыз еткен басты фактор – метанарративтер еді. Олар – қоғамның басым бөлігі бөлісетін тұтастай дүниетанымдық жүйелер. Мұндай жүйелер өткен, қазіргі және болашақ уақытты өзара байланыстырып, тарихты біртұтас құбылыс ретінде қабылдауға мүмкіндік берді. Ең маңыздысы, бұл жүйелер индивидке болашақтың айқындылығын қамтамасыз етті: өткен шақ қазірге, ал қазір болашаққа табиғи түрде жалғасып отырды.

Осының нәтижесінде болашақ көпшілік үшін алдын ала түсінікті, болжамды және күтілетін сипатқа ие болды. Бұл жағдай қоғамдағы адамдардың өміріне мән беріп, олардың ұжымдық әрі жеке мақсаттарын жалпыға ортақ жүйенің құрамына енгізіп отырды. Демек, утопиялық сипаттағы болашақтың белгілі бір сценарийі алдын ала жасалып, әлеуметтік өмірде орныққан болатын. Мұндай

жағдайда таңдау еркіндігі шектелгенімен, қоғамдық тұрақтылық пен өмірдің тұтастығы қамтамасыз етілді.

XX ғасырдың екінші жартысында, әсіресе оның соңғы онжылдықтарында, әлемде айтарлықтай өзгерістер орын алды. Технологиялық даму, цифрландыру, жасанды интеллект пен медиа құрылымдардың адам санасына ықпалы таңдау еркіндігін экзистенциалдық және постмодернистік тұрғыдан қарастыруға жол ашты. Бұл кезең әлеуметтік үдерістердің белгісіздігімен және тұрақсыздығымен ерекшеленді.

Цифрлық дәуір адамзатқа бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер беріп отырғанымен, оның рухани болмысы мен әлеуметтік қарым-қатынасына жаңа сынақтар жүктеді. Мұндай құбылыстар қазіргі қоғамның басты сипаттарына айналып, философиялық және социологиялық тұжырымдамаларда кеңінен талқылануда. Мәселен, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Зигмунт Бауман, Жан Бодрийяр, Мишель Фуко сынды философтар еркіндіктің билік, тұтыну мәдениеті, бақылау және цифрлық технологиялар жағдайындағы өзгерістерін жан-жақты қарастырды.

Ақпарат ағынының көптігі, алгоритмдер мен виртуалды кеңістіктің ықпалы адамның шешім қабылдауына тікелей әсер етуде. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қоғам адамының таңдау еркіндігі бір жағынан кеңейгенімен, екінші жағынан түрлі шектеулерге ұшырап отыр. Мұндай қайшылықты жағдайды философиялық тілде «еркіндіктің парадокстары» деп атауға болады. Сондықтан цифрлық дәуірдегі таңдау еркіндігінің мәнін, мазмұнын және оның парадокстық табиғатын ашу – бүгінгі философиялық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Поляк-британдық социолог Зигмунт Бауман әлеуметтік шындықтың өзгермелілігі мен динамикасын негізге ала отырып, «сұйық модерн» метафорасын ұсынды. Оның ойынша, қазіргі қоғамда әлеуметтік құрылымдар мен құндылықтар тұрақсыз, уақытша әрі үнемі өзгеріп отырады. Мобильді болу қазіргі қоғамның басты символына айналды. Дәстүрлі нормалар мен институттардың әлсіреуі жағдайында адам әр сәтте жаңа шешім қабылдауға мәжбүр болады [1; 8 б.].

Бұл ерекшелік қазіргі қоғам адамының таңдау еркіндігі мәселесіне тікелей ықпал етеді. Бір жағынан, әлеуметтік өмірдің жеңілдігі индивидке бұрын-соңды болмаған кең мүмкіндіктер берсе, екінші жағынан тұрақсыздық пен белгісіздікпен қатар жүреді. Тұрақты бағдардың жоқтығы, құндылықтардың салыстырмалылығы және әлеуметтік қатынастардың уақытша сипаты адамды артық жүктемеге түсіріп, жауапкершіліктің ауыртпалығын күшейтеді.

Бүгінгі қоғам— үздіксіз өзгерістер ағыны. Ертең қандай трендтер пайда болады, мода қалай өзгереді, технологиялар қандай жаңалық әкеледі – мұның барлығы сан алуан факторларға тәуелді. Енді жалғыз орталықтан басқару жоқ; біз тұтасымен децентраленген, бір-біріне ықпал ететін және тұрақты қозғалыс жағдайындағы әлемде өмір сүреміз.

Саясаткер Янис Варуфакис біз өмір сүріп отырған қоғам, технофеодализм қоғамы деген түсінік қолданады. Я.Варуфакистің пайымдауынша, ірі цифрлық платформалар жаңа заманның «жер иеленуші феодалдарына» ұқсайды. Олар интернет кеңістігінде монополиялық үстемдік орнатып, пайдаланушыларға тек өздері белгілеген ережелер шеңберінде әрекет етуге мүмкіндік береді. Демек, цифрландыру адамға кез келген жерден жұмыс істеп, еркін байланыс орнатып, «цифрлық көшпенді» болуға жол ашқандай. Бірақ екінші жағынан, дәл сол цифрлық ортада жеке еркіндік тарылып, алгоритмдер, деректерді жинау және тұтыну тәжірибесін жобалау арқылы адам «цифрлық тәуелділікке» түседі. Бұл – заманауи адамның еркіндігі иллюзияға айналғанын айқындайтын тағы бір парадокс.

Алдыңғы дәуірлерде адам өзін белгілі бір тұрақты сипаттар арқылы түсінетін: ол – белгілі бір мемлекеттің азаматы, нақты бір кәсіп иесі, нақты бір жерде тұратын, әлеуметтік статусы берік адам болатын. Бұл сипаттамалар айтарлықтай орнықты еді, яғни адамды белгілі бір жерге, әлеуметтік позицияға немесе мәртебеге бекітіп қоятын. Қазіргі адамға келсек, оның басты ерекшелігі — «киілігі» оқшауланған адам. Ол үнемі өзін-өзі жетілдіріп, үздіксіз дамып, жаңа білімдер игеріп отыруға, немесе «цифрлық көшпенді» болып әлемнің кез келген, өзі қалаған мекенде қызмет жасай алатын құқыққа ие болды. Сондықтан қозғалыста болу, ағын ішінде өмір сүру – қазіргі қоғамда аса жоғары бағаланатын қасиетке айналды. Бұл – заманауи адамның мақтанышы мен басқалардың құрметін тудыратын сипат. Ал керісінше, бір жерде тұрып қалған, өзгермейтін адам – «дамымаған», «комфорт аймағында қалып қойған» деп түсіндіріледі. Яғни бұрын қадірлі болған тұрақтылық пен үйлесімділік бүгінгі қоғамда әлсіздік немесе артта қалушылық ретінде қабылданады.

Философ Ж.Бодрийяр, «Тұтыну қоғамы» еңбегінде таңдау мен тұтыну бір бірімен ұқсас семулыққа айналды дей отырып, қазіргі кездегі таңдау еркіндігін терең сынға алады. Қазіргі тұтынушылық мәдениетте адам шынайы таңдау емес, жүйе ұсынып отырған «кодтар мен символдар»

арасында ғана бағдар алады. Яғни, «шындықтың өзімен» емес, оның «модельдерімен» өмір сүреміз. Жан Бодрийярдың концепциясы бойынша, адамдар тауарлар мен қызметтерді олардың нақты функционалдық қажеттіліктеріне байланысты емес, мәдени және әлеуметтік мағыналарына, яғни символдық құндылықтарына қарай таңдауға көшті. Бұл процесс тұтынушыны шынайы қажеттіліктерден алыстатып, оның қалауларын жарнама, медиа және мәдени кодтар арқылы алдан ала қалыптастырады. Демек, таңдау иллюзияға айналды. Жеке адам өз қалауын еркін қалыптастырып жатырмын деп ойлауы мүмкін, бірақ оның талғамы мен бағдары нарықтық механизмдер арқылы бағытталады. Біз өзіміз таңдадық деп ойлағанымызбен, шын мәнінде біз таңдау құрылымдарының объектісіне айналдық дейді [2; 456.].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Фрэнсис Фукуяма бұл мәселеге басқа қырынан келді. Ғалым саяси-философиялық ойдың ықпалды өкілі ретінде «Тарихтың ақыры және соңғы адам» еңбегінде либералдық демократияның жеңісімен адамзат тарихи дамудың жаңа кезеңіне өткенін айтады. «Закат общественной жизни предполагает, что в будущем мы рискуем стать безмятежными и самопоглощёнными последними людьми, лишёнными тимотических стремлений к высшим целям и жаждущими только личного комфорта» [3]. Фукуяманың пайымдауынша «соңғы адам» формалды түрде шексіз еркіндікке ие, саяси құрылымдар оған барлық құқықтарын береді, алайда бұл адамзаттың мақсатсыз, тек тұтынушылық қанағаттануға бағытталған іс-әрекетке ие мәселесіне алып келеді. Фукуяма да Бодрийяр сияқты, тұтынушылық мәдениеттің адам еркіндігіне ықпалын сынайды, бірақ ол бұл құбылысты иллюзия деп қана емес, адамның өзінің жеке мүдделері үшін «соңғы адам» күйіне – қауіпсіздік пен жайлылық үшін жоғары мақсат-мұраттардан бас тарту тенденциясына апаратын процесс ретінде сипаттайды. Яғни, либералдық демократия «соңғы адамға» барынша таңдау еркіндігін береді; қайда жұмыс істеу, не тұтыну, қалай өмір сүру деген сияқты. Бірақ бұл шексіз еркіндік рухани қажеттіліктерді қамтамасыз ете алмайды. Демек, таңдау еркіндігі бар, бірақ ол қоғамдық жауапкершілікке емес, тек тұтынушылыққа жұмсалады. Адамдар тек материалдық молшылық пен қауіпсіздікпен шектелмейді, олар өздерін мойындатуға ұмтылады. Егер таңдау еркіндігі тек жеке қызығушылықты қанағаттандыру үшін маңызды болса, қоғамда мазмұнды өмір сүру әлсірейді.

Осы ойды ары қарай терең зерттеген, қазіргі XXI ғасырдың белгілі зерттеушісі Юваль Ной Харари. «Homo Deus: A Brief History of Tomorrow» деген еңбегінде, Харари технологиялық прогресс пен цифрландырудың қарқынды дамуы кезеңінде, адамның таңдау еркіндігінің иллюзия екенін одан әрі айқындай түсті. XXI ғасырда «егер гуманизм “сезімді тыңда” десе, датаизм “алгоритмдерді тыңда, олар сенің не қалайтыныңды жақсы біледі” дейді» [4]. Күнделікті өмірде қолданатын түрлі онлайн-платформалар мен әлеуметтік жүйелерде жиналатын үлкен деректер (Big Data) мен жасанды интеллект жүйелері жеке тұлғаның мінез-құлқын, қалауын, шешім қабылдау процесін де алдын ала болжау мүмкіндігін де ұсына алатын қабілетке ие деп пайымдайды автор. Демек, жеке адам менің таңдауым осы дегеннің өзінде, ол жасанды интеллект алгоритмдерінің ықпалынан туындап отырған қалауы екенін өзі де байқамай қалады. Бұл жағдайлар қазіргі қоғамдағы еркіндіктің мазмұны мен шекарасын қайта қарау қажеттілігін айқындайды. Әрине цифрландырудың күнделікті өмірімізге терең енуі көпшіліктің талабы және оған мемлекеттік деңгейде де қолдау бар. Дегенмен де этикалық жауапкершілік болу керек: қоғамдық ойдың манипуляцияға ұшырауына жол берілмеуі керек.

Постмодернистік кезеңнің философиялары Хартмут Роза мен Бёнг Чунг Хан заманауи қоғамды «жеке өнімділік», «тездету», «ішкі мәжбүрлеу» ұғымдары арқылы сипаттап, адамның еркіндігіне төнген қауіпті әр қырынан талдайды. Б.Г.Ханның «Общество усталости» деген еңбегінде былай дейді «Человек позднего модерна не эксплуатируется извне, а сам себя изнуряет, он сам себе господин и раб». Парадокс, қазіргі қоғам адамы еркін болуға ұмтылған сайын, адам өзіне деген қысымды, талапты көп қоя бастайды. Демек, цифрлық қоғамда адам өзін «жобалау» объектісіне айналып, өзінің шынайы еркіндігін жоғалтады.

Хартмут Роза «Социальное ускорение» еңбегінде қазіргі қоғамдағы жылдамдықтың үдеуі ұғымына назар аударады. Ол былай деп жазады: «Свобода без резонанса превращается в дезориентацию и бессмысленную перегрузку» [5; 275 б.]. Демек, еркіндік тек таңдау мүмкіндігінің көптігімен шектелмейді. Егер ол адамның ішкі дүниесімен, құндылықтарымен және қоғамдағы мән-мағыналық өлшемдермен үндеспесе, онда еркіндік адамға бағдар бермей, керісінше рухани шатасуға әкеледі. Шексіз мүмкіндіктердің үйлесімсіздігі мәнсіз жүктеме мен бос күйзеліс тудырады. Сондықтан еркіндік – хаос емес, ол тек құндылықтармен, жауапкершілікпен және рухани үндестікпен толыққан кезде ғана шынайы мағынаға ие болады. Осы тұрғыдан алғанда, еркіндіктің мәнін түсіну тек философиялық деңгейде емес, бүгінгі ғылыми-технологиялық өзгерістер контекстінде де өзекті болып отыр.

Қорытындылай келе, цифрлық дәуір адамға бұрын-соңды болмаған таңдау мүмкіндіктерін ашып отырғанымен, ол еркіндіктің парадокстық сипаттарын да айқын көрсетті. Бір жағынан, қазіргі қоғам адамы кеңістік пен уақыт шектеулерінен арылып, өзін-өзі дамытуға, «цифрлық көшпенді» болуға мүмкіндік алды. Екінші жағынан, алгоритмдер, жасанды интеллект пен тұтынушылық мәдениет еркіндікті шынайы құбылыс емес, иллюзияға айналдырып отыр. Демек, еркіндіктің мәні тек таңдау көптігінде емес, оның құндылықтармен, моральдық жауапкершілікпен және рухани үндестікпен сабақтас болуында. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық дәуірдегі таңдау еркіндігі философиялық қана емес, этикалық және әлеуметтік өлшемдерде де терең зерделеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бауман З. Текущая современность. — М.: Логос, 2008. — 240 с.
2. Бодрийяр Ж. Потребление и общество. — М.: Добросвет, 2008. — С. 15–45.
3. Фукуяма Ф. Конец истории и последний человек / пер. с англ. М. Б. Левина. — М.: АСТ, 2004. — Гл. V. «Последний человек». — С. 27.
4. Харари Ю. Н. Homo Deus: Краткая история человечества. — М.: Синдбад, 2022. — 512 с.
5. Роза Х. Социальное ускорение: новая теория современности. — М.: Издательство Института Гайдара, 2019. — С. 275–295.

UDK: : 811.512.133' 23:373.24

## **ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND CHILDREN'S LINGUISTIC DEVELOPMENT: MEDIA EFFECTS IN PHILOSOPHICAL, RELIGIOUS, AND CULTURAL CONTEXTS**

Davlatova Xulkaroy Uktamovna  
Andizhan state institute of foreign languages,  
Department of Theoretical aspects of English, Associate professor,  
Andizhan, Uzbekistan

### **Introduction**

In recent years, digital technologies, particularly artificial intelligence, have penetrated almost every aspect of human life. Today, the role of media tools in shaping children's speech and thinking is steadily increasing, as they develop their linguistic experience not only within the family and school environment but also through the internet, mobile applications, and programs powered by artificial intelligence. This process, on the one hand, opens up new opportunities for speech development; on the other hand, it significantly affects the natural mechanisms of language formation, the transmission of cultural codes from generation to generation, and the preservation of religious and spiritual values.

From the perspective of traditional psycholinguistics, the formation of children's speech is based on three main factors. The biological factors include brain development, the functioning of hearing, and articulatory organs. The socio-cultural factors involve the child's environment, family upbringing, cultural traditions, and values. Communicative practice refers to constant interaction with others, conversations, play, and social activities. The introduction of artificial intelligence and media tools directly influences particularly the second and third factors. A child's speech is now shaped not only by parental input but also by the voices of virtual characters, texts in digital games, and online applications.

### **Main part**

Today, AI-based tools—such as voice assistants (Siri, Alexa, Google Assistant), interactive games, and educational programs—are widely integrated into children's speech practices. These tools serve as sources of new words, new sentences, and new communicative situations for the child. As a result, children acquire language more quickly and actively; however, in some cases, the speech process becomes dependent on artificial speech patterns. Consequently, communication tends to shift from a natural social environment toward more virtual forms of interaction. From this perspective, artificial intelligence emerges as a factor that both expands and simultaneously limits the possibilities of children's speech. The general characteristics of media influence on speech development can be observed in three direct dimensions. First, the linguistic dimension: children rapidly acquire new words, expressions, and text structures. Second, the cognitive dimension: information delivered through media accelerates thinking, yet reduces critical reflection. Finally, the emotive dimension: in interacting with media images and artificial intelligence, children learn to express